

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## «Интеллектуалдық-биатлоны»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.01.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/66391/

Ұйымдастырған оқу қызметінің

технологиялық картасы

Пәнаралық байланыс: көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сурет, қоршаған ортамен танысу, орыс тілі

Мақсаты:

- Бағдарлама бойынша балалардың білімдерін тиянақтау, 5 сала бөлімдеріңе тоқтап, үйренген білгендерің қайталу, пысықтау.

Міндеттері:

- Сурет бойынша мәтін құрау, мақал мәтелдерді жалғастыру, ертегідегі жағымды мен жағымсыз кейіпкерлер арқылы өз ойларын айта білуге, логикалық есептерді шешеуге, луллия шеңбері арқылы геометриялық пішіндердің неше бөлігі боянғанан таба білуге, дыбыстарды дұрыс атай білуге және ауыз екі сөйлеуге жетілдіру;

- креативтілікті, сыни ойла білуге, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істеуге арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорларын, байқағыштық қасиеттерін, сөйлеу мәдениетін дамыту;

- «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деген мақал арқылы балаларды білімге, достыққа, адамгершілікке, мергендікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін»

Полингвалдық компонент: Ит- собака-dog, ұл бала-мальчик-boy, қыз бала-девушка-girl  
ағаш- дерево-Tree

Көрнекілік: перизентация, луллия шеңбері

Ұйымдасқан оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер:

Үш тілдікті қолданып,

Амандасып алайық!

Армысыздар-здравствуйте-hello!!!

Лапылдап жанған баламыз

Ақбота тобынан боламыз

Жарыс десе әрқашан

Алдыға тек ұмытылған  
Бүлдіршіндер біз едік!  
Талай жарыс сыңдардан,  
Сүрінбей етіп жеңгенбіз.  
Тәрбиеші: Қәне қандай сайыстан  
Жеңімпаз болып келдіңдер  
Атап бізге беріңдер!  
Мәнерлеп оқып өлеңді  
Тәуелсіздік күні мен  
Елбасын да жырладық  
Жігерленіп, шыңдалып  
Дана Абай өлеңін  
Оқудан біз жарысып  
Намысты қолдан берместен!  
Екінші орын иеленіп  
15-тің атын шығардық.  
Ұстаздардың қолдауымен  
Үйірмеге қатысып,  
Галина Александровнамен  
Талай жеңіс кубокты  
Қанжығаға байладық  
Жаңа технологияны меңгеру  
Қазіргі заман талабы  
Компьютермен ғаламтор  
Нағыз біздің заманымыз!  
Осыларды дәлелдеп,  
Көрсетейік биатлон деген жарыспен,  
Қызыл, көк болып топ құрып,  
Кәне достар тұрмайық  
Жарысымызды бастайық па? Бастайық  
Балалар шеңберге тұрып жыл бойы қандай жетістікке жеткендерін өлең жолдарымен айту арқылы амандасады. Балалар екі топқа бөлініп отыра қалады.  
Әңгімелесу:  
Міне балалар екі топқа қызыл, жасыл болып бөліне қалдық.  
Қай топ бірінші болып мәреге тигізсе сол топ ҰОҚ бастайды бірінші болып соған сұрақ қойылады.  
Тәрбиеші: Жарайсыңдар бірінші сұрағымды қызыл тобына қоямын Экранға назар аударайық :  
1-тапсырма :  
«Суретке қарап сөйлем құра»

Дұрыс айтасындар балалар қазақта ит туралы тамаша мақал бар

Мақал: «Ит иесі үшін жүгіреді

Құс тамағы үшін ұшады -деген мақал бар »

Келесі суретке қарайық бұл суретте не бейнеленген?

«Бір тал кессең, он тал ек» демей ме қазақ даналығы. Ендеше мақал мәтелдермен жалғастырайық. Мен сендерге айтамын сендер жалғасытасындар:

«Мақал-мәтелді жалғастыр»

Судың да .....

Кітап——

Ер ——

Әкеге ——

Бала ——

Жүз —————

Полингвалдық компонент:

Ит-

ұл бала-

қыз бала-

ағаш-

Балалар тәрбиешінің айтқан кеңестерін мұқият тыңдай отырып, екі жақтан екі бала шығып жебені дәлдеп атады.

Балалардың жауабы:

Ал мен былай мәтін құрар едім: ит жеті қазынанын бірі деп айтамыз. Марат пен Айжан балабақшадан қайтқан кезде күнде олардың жолдарын қарап жүретін досы ақтөс күтіп алатын. Міне бүгінде өте сүйікімді және мейірімді досы Ақтөс тағы да тосып алды. Оны көрген Марат пен Айжан қуаныштарын жасыра алмады.

Асан әкесіне жас тал егуді ұсынды. Ал әкесі болса ұлының қолындағы ағашты еге бастады. Ағашты егіп баптап күткен кезде ол биік болып өсіп, жайқалып табиғатымызға көрік бергендей.

Судың да сұрауы бар

Кітап-алтын қазына

Ер қанаты -ат

Әкеге қарап ұл өсер,

шешеге қарап қыз өсер!

Бала тілі-бал

Жүз теңген болғанша,

жүз досың болсын!

Ит- собака-dog

ұл бала-мальчик-boy

қыз бала-девушка-girl

ағаш- дерево-Tree

2-тапсырма:

«Жануарлар қандай дыбыстан басталады?»

Тілдік жаттығу

1. Тан – тан – тан,

Аң патшасы – Арыстан.

2. Ыс – ыс – ыс,

Тарғыл түсті жолбарыс.

3. Қыр – қыр – қыр,

Бұл көкжал қасқыр.

4. Іл – іл – іл,

Тұмсығы ұзын піл.

3-тапсырма:

«Сурет бойынша ертегіні айт»

Сергіту сәті:

«Әліппе» әні

3-тапсырма:

«Гүлдердегі тапсырманы орындау»

4-тапсырма:

“Луллий шеңбері”

Пішіндерді білеміз,

Бөліктерді бөлеміз.

Ал, тексеріп көріңіз

Біз көрсетіп береміз.

5-тапсырма:

«Шығармашылық кезең»

Балалар аңдарды атай отырып, қандай дыбыстан басталатының, неше буынан тұратының сол аталған дыбыстарға сөйлем құрайды..

Аталған тілдік жаттығуларды қайталайды. Балалар аталған екі ертегінің мазмұның өзгертіп жағымды ертегінің кейпкерін жағымсыз қылады, ал жағымсыз кейіпкерді жағымды қылып өзгертіліп айтады. Өлең жолдарын айта отырып, балалар гүлдің ішіне орналасқан есептердің қосындысын есептеп қысқыш арқылы белгілейді. Шеңбердің ішіндегі аталған геометриялық пішіндерді тауып неше бөлігі боялғанын, неше бөлігі боялмағаның атап береді. Балалар өз білімдерін жеңіс ке бағалап от шашуды дәстүрден тыс әдіс- тәсілдерді пайдаланып сурет салады.

Рефлексивтік-қорытындылау

Тәрбиеші балалардан қандай жарыс болғаның жарыстың атауы қалай аталатының , қандай тапсырмаға қиыншылық туғызғандарың, өздеріне не ұнағандарың сұрақ жауап

ойыны арқылы сұрайды.

Мақал:

«Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!»

Мектеп қабырғасына кететін балаларға диплом беріледі

Балалар қандай тапсырма орындағандарын, қандай тапсырмаларға толық жауап бере алмағандарын, өздеріне ұнаған тапсырмаларды атай отырып, қорытынды жасап өз ойларын толықтай жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:

- Балалар «Интеллектуалдық биатлоны» сайысының ерекшелігі туралы білу керек.

Не туралы түсінігі болу керек:

- Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкелердің іс-әрекеттері, логикалық тапсырмалар жайында түсінгі болу керек.

Істей алу керек:

- Қойылған әр-бір сұрақтарға, тапсырмаларға толықтай жауап бере отырып өз ойларын аша білу керек.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.